

"Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 2 наурыздағы № 131 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 наурызда № 32041 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15468 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Сертификаттық зерттеу - қарау нәтижелер бойынша комиссия Өтініш берушінің ұйымдастырушылық құрылымы, процестері мен құжаттамасының нақты жай-күйін, тұжырымдарын, ұсынымдарын және сертификат беру (беруден бас тарту) мүмкіндігі туралы қорытындысын көрсете отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада сертификаттық зерттеп - қарау актісін (бұдан әрі - акт) жасайды.

Актіге барлық комиссия мүшелері қол қояды және өтініш берушіге танысуға жіберіледі. Акт комиссияның барлық мүшелері актіге қол қойған күннен бастап 3 үш жұмыс күні ішінде хабарламалы тапсырыс хатпен пошта байланысы арқылы не хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін электронды байланыс арналары арқылы электронды түрде не қолма-қол жіберіледі.

Өтініш берушіге зерттеп-қарау актісі жіберілген күннен бастап сертификаттау мерзімін өтініш беруші уәкілетті ұйымға қол қойылған актіні ұсынғанға дейін тоқтатылады.

Сертификаттық зерттеп - қарау актісінде сертификатты беру мүмкін еместігі туралы қорытынды көрсетілген жағдайда, уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкес келмеушіліктер тізбесін қосымша қоса береді.

Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер үш деңгейге: 1-деңгей, 2- деңгей және 3- деңгей болып бөлінеді.

1 - деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

2 - деңгейге уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

3 - деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде ол жойылуға тиіс сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

17. 1 - деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өтініш берушінің қабілетсіздігімен сипатталады.

1 - деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті ұйым сертификатты беруден бас тартады не өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың қолданысын шектейді.

18. 2- деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзімді келіседі. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелерімен танысқан кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға ұсынады;

2) өтініш беруші ұсынған анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі не оны негіздемесімен қоса пысықтауға қайтарады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзім өтініш беруші оны өзгерту қажеттілігі туралы негіздемені ұсынған кезде, уәкілетті ұйым оны ұзартады.

19. Уәкілетті ұйым өтініш берушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындауын зерттеп - қарау жолымен бақылайды.

Өтініш беруші түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаған немесе уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамаған жағдайда, 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік 1-деңгейдегі

сертификаттау талаптарына сәйкессіздікке айналады және уәкілетті ұйым сертификатты беруден бас тартады немесе бұрын берілген сертификатты қайтарып алады.

3 - деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.";

20-1, 21 және 22 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік–процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің тиісті сертификатын беру туралы шешім қабылдайды не осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

21. Сертификаттық зерттеп - қарау нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер болмаған не 3-ші деңгейдің сәйкессіздіктері болған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш беруші қол қойған актіні ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын ресімдейді.

22. Актіде көрсетілген 2-ші деңгейдің сәйкессіздіктері болған кезде уәкілетті ұйым өтініш беруші осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген анықтаманы және растаушы құжаттаманы ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды тексереді және ескертулер болмаған жағдайда, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын ресімдейді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Сертификаттық зерттеп - қарау процесінде авиация инспекторлары табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан, құралдардың істен шығуын немесе ақауын жоюдан туындаған не ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізу жоспарының орындалуымен, не тұрақты қадағалау процесінде уәкілетті ұйыммен келісілген түзету іс-қимылдары жоспарының болуымен байланысты (қайта сертификаттау кезінде) сертификаттық талаптардан ауытқуларды анықтаған жағдайда,

комиссия сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңіне белгіленген деңгейге балама ұшу қауіпсіздігі деңгейін қамтамасыз ететін өтініш беруші қабылдаған қосымша шараларды көрсете отырып, сертификат беру мүмкіндігін белгілейді.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңін уәкілетті ұйым айқындайды, бірақ ол екі жылдан аспайды.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңіне сертификат беру мүмкіндігі тиісті негіздемесімен сертификаттық зерттеп - қарау актісінде көрсетіледі.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезінде актіге қол қойылған күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11 және 12-қосымша осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

А. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 2 наурыздағы
№ 131 Бұйрыққа
1-қосымша
Аэронавигациялық қызмет
көрсетуді берушіні
сертификаттау және оған
сертификат беру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатын алуға өтініш

(өтініш берушінің толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

(сертификат алу)
мақсатында сертификаттау жүргізуіңізді сұраймын.
Аэронавигациялық қызмет көрсетудің мәлімделген түрі (кіші түрі, ескертпе):

(қаланы, ауданды көрсете отырып)

Өтініш беруші:

1. Сертификаттау рәсімдерін орындауға;
2. Қойылатын сертификаттық талаптарға жауап беруге;

3. Өтініш беруші әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын мойындауға және оларды орындауға, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның аэронавигациялық қызмет көрсетуге бақылау мен қадағалау жүргізуді жүзеге асыруына мүмкіндік беруге міндеттенеді.

(лауазымы, қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), күні)

Қосымша:

Бұйрыққа
2-қосымша
Аэронавигациялық қызмет
көрсетуді берушіні
сертификаттау және оған
сертификат беру қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты сұралған, сертификаттауға жататын аэронавигациялық қызмет көрсету түрлері (кіші түрлері)

Қызмет көрсету	Қызмет көрсету түрі	Қызмет көрсетудің кіші түрі	Ескертпе
1	2	3	4
		Аудандық диспетчерлік қызмет көрсету	

Әуе қозғалысына қызмет көрсету (ATS)	Әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету (ATS)	Қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету	
		Әуеайлақты диспетчерлік қызмет көрсету	
	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (FIS)	OFIS деректерін тарату	
		Консультациялар мен ақпараттарды ұсыну	
		Дауыстық деректерді қолдануға негіздеген (дауыстық ATIS), әуеайлақ маңында ақпаратты автоматты тарату қызметі	
		Әуеайлақ ауданында ақпаратты деректерді тарату желісі (D – ATIS) арқылы автоматты тарату қызметі	
		V O L M E T радиохабарларын тарату	
	Авариялық хабар беру (AL)		
	Әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету AFIS)		
	Әуе кеңістігінің дизайнын, әуе трассаларын және әуеайлақтық схемаларды әзірлейтін қосалқы қызмет көрсету		
	Авиациялық радиобайланыс (әуе-жер байланысы)	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету үшін	
		Аудандық диспетчерлік қызмет көрсету үшін	
		Қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету үшін	
		Әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету үшін	
		Авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына арналған авариялық радиобайланыс үшін	

Байланыс (С)

Авиациялық электр
байланысы (жер-жер
байланысы)

Байланыс, навигация
және бақылау жүйесін
беру (СNS)

		өзара іс- қимылын қамтамасыз ету үшін
		Әуежай ішіндегі электр байланысы үшін
		Тіркелген авиациялық электр байланыс желісі үшін (AFTN)
		ӘҚҚ хабарламаларын өңдеу жүйесі (AMHS)
Навигация (N)	Әуе кеңістігінде NDB дабылын қамтамасыз ету	
	Әуе кеңістігінде VOR дабылын қамтамасыз ету	
	Әуе кеңістігінде DME дабылын қамтамасыз ету	
	Әуе кеңістігінде ILS дабылын қамтамасыз ету	I санат II санат III санат
	Әуе кеңістігінде GBAS дабылын қамтамасыз ету	
Бақылау (S)	Бір жақты шолу радиолокаторы деректерін ұсыну	
	Екі жақты шолу радиолокаторы деректерін ұсыну	Mode A/C Mode S
	ADS-B деректерін ұсыну	
	MLAT деректерін ұсыну	
		Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ӘҚБ АЖ)
	Әуе қозғалысын автоматты басқару құралдары	Әуе қозғалысын басқарудың құралдарын автоматтандырылған құралдар кешені (ӘҚБ АҚК)
	Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орны (ӘҚБ АЖО)	
Байланыс, навигация және бақылау жүйесін беру (жалпы функциялары)	Радиолокациялық ақпаратты, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды тұлғалардың	Бақылау құралдарының ақпаратын құжаттау жабдығы
		Диспетчерлік қызметтердің, операторлар мен ұшуды қамтамасыз етуші

		сөйлесулерін құжаттау жабдығы	тұлғалардың сөйлесулерін құжаттау жабдығы
		Метеорологиялық қамтамасыз ету 4 (А) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
		Метеорологиялық қамтамасыз ету 4 (Б) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
		Метеорологиялық қамтамасыз ету 4 (В) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
		Метеорологиялық қамтамасыз ету 2 (Г) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
		Метеорологиялық қамтамасыз ету 2 (Д) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
	Әуеайлақтық метеорологиялық ұйым	Метеорологиялық қамтамасыз ету 3 (Г) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен	

Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету	ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету 3 (Д) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету 1 (Е) (ҰҚЖ класы) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету ИКАО I санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету II санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету ИКАО III (А) санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық қамтамасыз ету ИКАО III (В) санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық бақылау органы	
Аэронавигациялық ақпарат жинағын шығару		
NOTAM шығару		

Аэронавигациялық ақпарат беру	Ұшу алды ақпарат бюллетеньдерін шығару (PIB)		
Издестіру-құтқаруды қамтамасыз ету		Издестіру және құтқару үйлестіру орталығының қызметін ұсыну	

Бұйрыққа
3-қосымша

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларына
11-қосымша

Уәкілетті ұйымды хабарландыруға жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріндегі өзгерістер тізбесі

Хабарландырылуға жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріндегі өзгерістерге:

1) әуе кеңістігінде немесе әуеайлақта қолдануға жататын ұшып шығу және ұшып келу қағидаларын қоса алғанда, ұшуды жүргізудің жаңа енгізілген пайдалану рәсімдері; (PBN, SID/STAR, параллельді немесе түгел параллельді ұшу-қону жолағындағы (бұдан әрі - ҰҚЖ) операциялар));

2) ӘҚҚ маршруттарының құрылымын өзгерту:

маршрутты (маршруттарды) алып тастау;

жаңа маршруттың (маршруттардың) ашылуы;

кедергілерді ұшып өтудің ең төменгі абсолюттік биіктігін өзгерту;

маршруттың (маршруттардың) төменгі және (немесе) жоғарғы шекарасын өзгерту;

маршруттың негізгі нүктесін (нүктелерін) белгілеу және (немесе) алып тастау;

маршруттың (маршруттардың) спецификациясын өзгерту;

маршруттың (маршруттардың) крейсерлік эшелондарының бағытын өзгерту.

3) әуе кеңістігі құрылымының өзгеруі (әуеайлақтардың аудандары шекараларының өзгеруі, ресекторизациялау);

4) әуеайлақта ҰҚЖ және/немесе рульдік жол конфигурациясының физикалық өзгеруіне байланысты ӘҚҰ рәсімдері;

5) байланыс, бақылау жабдығының және басқа да жабдықтардың ұшуда қауіпсіздігі үшін мәні барларының, соның ішінде жаңа функциялар және/немесе мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жаңа жүйелерді пайдаланудан шығару және/немесе енгізу жатады:

авиациялық радиобайланыс ("ауа – жер" байланысы), оның ішінде ЖЖЖ (өте жоғары жиіліктер) және ЖЖ (жоғары жиіліктер) диапазондарының радиобайланыс аппаратурасы, әуеайлақ ауданындағы ақпаратты автоматты беру жабдығы (ATIS), ЖЖЖ цифрлық байланыс желісі (VDL), деректер беру желісі бойынша "диспетчер – пилот" байланысы (CPDLC);

мамандандырылған жабдықты, дауыстық диспетчерлік байланыс коммутаторларын, авиациялық электр байланысы желілерін (ATN), OB-Line Data Interchange (oldi) қоса алғанда, ӘҚҚ органдары арасындағы авиациялық жерүсті электр байланысы ("Жер-жер" байланысы) ;

авиациялық тіркелген электр байланысы желісі, ӘҚҚ хабарламаларын өңдеу жүйелері (AFTN), есептеу және байланыс құралдары кешені, ӘҚҚ хабарламаларын өңдеу бойынша қызметтер (AMHS) ұсыну үшін;

жетек радиостанцияларын (NDB) қоса алғанда, әуе кемелерінің радионавигациясын қамтамасыз ету, көп бағытты АЖЖ радиомаяк (VOR), қашықтық өлшегіш жабдық (DME), аспаптар бойынша қону жүйесі (ILS), жерүсті функционалдық толықтыру жүйесі (GBAS), қону жүйелерінің жабдығы (ОСП), маркерлі радиомаяк (MPM);

ӘҚҚ органдары үшін радиопеленгация функцияларын қамтамасыз ету - автоматты радиопеленгатор (АРП);

бастапқы радиолокаторды (PCR), қайталама радиолокаторды (ВРЛ), ұшу алаңын көру радиолокациялық станциясын (Альп РЛС), радиохабарлық Автоматты тәуелді бақылауды (ADS-B), сигналдардың келу уақытының айырмасын бағалау бойынша әуе кемелерінің орналасқан жерін анықтаумен көп позициялы қабылдау жүйесін (MLAT) қоса алғанда, ӘҚҚ органдарының бақылау функцияларын қамтамасыз ету;

әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ӘҚБ АЖ), әуе қозғалысын басқаруды автоматтандыру жүйелерінің кешенін (ӘҚБ АЖ), әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орнын (ӘҚБ АЖО), жердегі қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін (АЖ ЖҚБ) қоса алғанда, әуе қозғалысына қызмет көрсету функцияларын автоматтандыру;

автоматтандырылған метеорологиялық өлшеу жүйесі (АМӨЖ) - әуе кемелерінің ұшуы мен қонуына әсер ететін метеорологиялық параметрлерді нақты уақытта алудың, өңдеудің, таратудың және көрсетудің кешенді автоматты жүйесі;

метеорологиялық көріну қашықтығының қашықтық датчиктері;

бұлттардың төменгі шекарасының биіктік датчиктері (тік көріну);

жел параметрлерінің сенсорлары;

атмосфералық қысым датчиктері;

ауа температурасы мен ылғалдылық датчиктері;

метеорологиялық ақпаратты көрсету құралдары (индикация блоктары);

берілетін метеорологиялық ақпаратты тіркеу құралдары;

метеорологиялық радиолокатор (МРЛ), лидар;

ӘҚҰМ жүйесі шеңберінде аэронавигациялық деректерді және кепілді сападағы аэронавигациялық ақпаратты уақтылы жинауды, өңдеуді, сақтауды, интеграциялауды, айырбастауды және жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Жабдықтар, Бағдарламалық қамтамасыз ету;

аэронавигациялық деректер мен аэронавигациялық ақпаратты беретін ұшу алдындағы ақпараттың автоматтандырылған жүйелері;

бағдарламалық қамтамасыз ету ИКАО "Әуе кемелерінің ұшу өндірісі (Doc 8168 OPS/611)" құжатында көрсетілген кедергілердің ұшу өлшемдерін (оның ішінде кедергілерді есепке алу аймағының ені) қолдануды қамтамасыз ететін әуеайлақ схемаларын құрудың автоматтандырылған құралдары. II Том көрнекі ұшу және аспаптар бойынша ұшу схемаларын құру";

ұшуды іздестіру-құтқару қамтамасыз етудің автоматтандырылған жабдықтары.

Бұйрыққа

4-қосымша

Аэронавигациялық қызмет
көрсетуді берушіні
сертификаттау және оған
сертификат беру қағидаларына
12-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

Өтінімнің №

Өтініш беруші:

Мемлекеттік қызмет: Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын

Түрі:

Беру уақыты:

Статус:

Негіздеме:

Осы хабарлама рұқсат құжаты болып табылмайды, мемлекеттік қызметті көрсетудің статусын және рұқсат құжаттары бойынша қажетті мәліметтерді беру үшін арналған.

Уәкілетті ұйымның басшысы не ол уәкілеттік берген адам

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))